

ФУНДАМЕНТ НАШЕГО ПРОФСОЮЗА – ЭТО ПЕРВИЧНЫЕ ПРОФСОЮЗНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ И ИХ ЛИДЕРЫ. ОТ ВАШЕЙ РАБОТЫ, КОМПЕТЕНТНОСТИ, НЕРАВНОДУШИЯ И АКТИВНОСТИ ЗАВИСЯТ КЛИМАТ В КОЛЛЕКТИВЕ И АВТОРИТЕТ ПРОФСОЮЗА. ЧТОБЫ ВЫПОЛНЯТЬ ФУНКЦИИ, КОТОРЫЕ НА ВАС ВОЗЛОЖЕНЫ, НУЖНЫ ОПРЕДЕЛЕННЫЕ ЗНАНИЯ, ОПЫТ, УМЕНИЕ ВЫСТРАИВАТЬ КОММУНИКАЦИЮ С РАБОТНИКАМИ И РУКОВОДСТВОМ ПРЕДПРИЯТИЙ.



Оразгали АХМЕТБАЕВ,  
председатель ОО «Казпрофтранс»



№17 (2947)  
20/02/2024

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### ОСОБОЕ ПОДРАЗДЕЛЕНИЕ

Бойцы Актогайского восстановительного поезда получили в эксплуатацию новый трактор ЧЕТРА Т-35, сконструированный с применением передовых инженерно-конструкторских идей и современных технологий.

Елена КОЛДАСБАЕВА,  
Алматы

Первоочередной задачей восстановительного поезда является ликвидация схода подвижного состава и стихийных бедствий. Также выполняются работы по выгрузке и укладке негабаритных грузов на железнодорожной магистрали. Так, в 2023 году выполнены работы по укладке 20 комплектов стрелочных переводов на участке Актогай – Саяк, Актогай – Матай. В своей работе часто приходилось участвовать в выездах на места аварий, где требовались подъем подвижных составов и оказание помощи пострадавшим. Этот аспект деятельности требует высокой выдержки и профессионализма.

В настоящее время применяется современная техника, но, несмотря на это, качество работы напрямую зависит от квалификации персонала. Работники регулярно проходят учения, чтобы постоянно совершенствовать свое мастерство. Здесь трудятся опытные, квалифицированные специалисты рабочих профессий: стропальщики, машинисты кранов, бульдозеристы, слесари, газосварщики, многие из которых работают не один десяток лет. Каждый работник



специализированного подразделения владеет несколькими профессиями, может работать стропальщиком, участвовать в аварийно-восстановительных работах. Словом, специалисты выполняют задачи любой сложности.

Стоит отметить, что для проведения необходимых работ подвижной состав имеет все необходимое оборудование и инструменты. В составе поезда присутствуют грузоподъемник и различные приспособления для поднятия

крупногабаритных грузов, имеются гидравлические домкраты, а также тягачи, тракторы и бульдозеры. Имеются два комплекта аварийно-спасательного оборудования для поднятия сошедших с рельсов вагонов.

Начальник поезда Сакен Баймурзин уверен в своем коллективе, подчеркивая, что в нем нет случайных людей, а каждый член команды строго следует поставленным задачам.

Фото автора

### ГОД НАЧАЛСЯ С РОСТА



В январе перевозка грузов железнодорожным транспортом внутри страны выросла на 4,7% к аналогичному периоду прошлого года, достигнув 13,2 миллиона тонн.



Экспорт составил 7 миллионов тонн. Всего по сети АО «КТЖ» в январе этого года погружено 20,2 миллиона тонн грузов.

Объемы погрузки основного социального груза КТЖ – каменного угля – составили 9 миллионов тонн, из них свыше 6,5 миллиона тонн внутри страны.

Второго социального груза – зерна – перевезено свыше 720 тысяч тонн, в том числе на экспорт – около 560 тысяч тонн.

Нефтяных грузов в январе погружено на 4,8% больше, чем в том же месяце 2023 года – 1,6 миллиона тонн. Экспорт вырос на 34,7% – более 490 тысяч тонн. Увеличилась по стране и перевозка черных металлов – на 33,6%. Погрузка химических удобрений выросла на 10,3%. На 71% вырос экспорт – до 127 тысяч тонн.

Наблюдается положительная динамика и по погрузке железной и марганцевой руды – плюс 30,7%, до 1,5 миллиона тонн, цветной руды – плюс 22%, до 1,9 миллиона тонн. Погрузка строительных грузов в январе 2024 года составила 687 тысяч тонн.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА  
Фото Александра ЖАБЧУКА



Мұрат ЖҮГІНСОВ,  
«КТЖ-Жүк тасымалы» Батыс филиалы Атырау қосалқы бөлімі бастығының қаржы және экономика жөніндегі орынбасары:

### Қыс – қатал сыншы

## КҮШЕЙТІЛГЕН РЕЖИМ ЕНГІЗІЛДІ

Семейлік теміржолшылар «кәрі құда» қыстың әлегімен айқасуда. Соңғы тәуліктерде ауа райының күрт бұзылуына байланысты бірқатар өңірде төтенше жағдай орын алды. Ал бөлімшеде күшейтілген режим енгізілді.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Бөлімше басшысы Алмас Сейсемқановтың тікелей бұйрығымен барлық станция басшылары, вагон шаруашылығы мен жергілікті локомотив бригадалары, сонымен қатар жолшылар шұғыл жұмыс топтарын ұйымдастыруда. Әсіресе тәуліктік кезекшіліктегі жұмысшыларға жауапкершілік артып отыр. Лездемелік жиындар барысында қолайсыз ауа райы жағдайындағы еңбек қауіпсіздігі түсіндіріліп, осы бағыттағы бақылау шаралары күшейтілді. Оның сыртында күндізгі және түнгі уақыттарда қызметтік өткелдер, ғимараттар мен барлық қосындар аумағы қардан тазартылып, құм себілуде. Жұмысшылардың арнайы киімдер мен үсік шалғанда пайдаланылатын жақпайларды қолдануы да қадағалануда.

Өткен желтоқсан, қаңтар айларында ауа райы жайлы болып, арқаны кеңге саялып келген бөлімше теміржолшылары ақпанда күшіне мінген қыспен бірнеше бағытта күрес жүргізуде. Мәсе-

лен, Өскемен, Күмістау, Риддер, Аягөз станциялары бойынша қар сенбіліктері өткізіліп жатса, Жаңғызтөбе, Жармада қарлы боран астында жұмыс жүргізуге мәжбүр. Ал Шар станциясында аяз рекордтық көрсеткішке жетті. Филиал директоры Алмас Ғылымұлы бастаған бөлімше басшылары қазір станцияларды аралап, ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында жүр.

Қадағалау, тексеру шаралары әсіресе жол қозғалысына тікелей жауапты ПЧ-42, ПЧ-40 және ПЧ-39 мекемелері бойынша біршама күшейтілген түрде жүргізілуде. Бұл ретте бағыттамааларға арналған бес пневмоурлегіштер мен жолшыларға тиесілі 82 автокөліктің жарактылығы басты назарда.

Абай облысындағы барлық күре жолдардың кешкі сағат 20.00-ден бастап таңға дейін жабылуына байланысты жолаушылар пойыздарына біршама жүк түсіп тұр. Алматы бағытынан келетін бірқатар пойыздардың шамалы түрде кестеден кешігуі орын алғанымен, жылжымалы құрамдар қозғалысы

штаттық режимде жүргізілуде.

Сондай-ақ ақпанның 16-сы күні Көкпекті ауданындағы қалың қар мен ақтүтек боранға байланысты шұғыл түрде жарияланған табиғи сипаттағы төтенше жағдай теміржолдағы қозғалысқа әсер еткен жоқ.

– Қазіргі таңда барлық станциялар бойынша теміржолшылар күшейтілген режимде жұмыс жүргізіп жатыр. Соңғы тәуліктерде қармен күреске баса көңіл бөлініп отыр. Тосын жайттар орын алған жоқ. Аймақтағы ауа райының құбылмалығына байланысты желі бойындағы жұмыстарға мониторинг жасалуда. Барлық станциялар бойынша пойыз қозғалысы ашық, – дейді Семей ЖТ бөлімшесінің қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің басшысы Расул Кәукен.

Синоптиктер болжамына сүйенсек, осы аптада ел шығысында сынап бағанасы 40 градустан төмендейді. Таулы аудандарда қалың қар мен бұрқасын күтілуде. Қолайсыз ауа райы тек алдағы демалыс күндері ғана сейіледі деген болжам бар.

Суреттерді түсірген автор

### ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗІЛМЕК



Дүниежүзілік банктің мамандары Каспий теңізі деңгейінің төмендеуін зерттеу жұмыстарын жүргізетін команданы ұсыну мақсатында Ақтау теңіз портына келді.

Алдағы 18 ай ішінде HR Wallingford компаниясының мамандары Каспий теңізі бойынша алдыңғы зерттеулердің деректерін, өңірлік Климаттық модельдердің (RCM) нәтижелерін кезек-кезеңімен зерттеп, рельефтің цифрлық моделін және су алаптарының гидрологиялық моделін дайындайды. Сондай-ақ климаттың өзгеруінің болашақ сценарийлерін модельдеу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді (telemac) пайдалана отырып, бүкіл Каспий теңізі мен Ақтау портын гидродинамикалық модельдеу жүргізіледі.

Зерттеулер барысында жинақталған деректер мен ұсынымдар Ақтау портының инфрақұрылымы мен жабдықтарын қайта жаңарту мен жаңғыртудың кейінгі жобаларында пайдаланылатын болады.

Соңғы онжылдықта Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі осы ішкі су айданына іргелес елдердің экологиясын, экономикасын және әлеуметтік аспектілерін қозғайтын күрделі проблемаға айналды. Мамандар бұл құбылыстың ұзақ мерзімді әсеріне, соның ішінде биотүрліліктің жоғалуына, су мен ауа сапасының нашарлауына және экономикалық тұрақтылыққа қауіп төндіретініне алаңдаушылық білдіреді.

Дүниежүзілік банк өкілдерінің сапары – бұл Ақтау портының Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі проблемаларын зерттеу бағытындағы бастамаларын іс жүзінде жүзеге асыру. Кездесуде «АТСП» ҰҚ» АҚ басқарма төрағасы Абай Түрікпенбаев барлық өңірлік құрылымдардың бірлескен күш-жігері ғана өңірдің бірегей экожүйесін сақтауға және оның болашақта тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін айтты.

Ислам ТАЛІПАТ

### САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БЫЛТЫР ҚҰРЫҚ ПОРТЫНАН

700

КЕМЕ ЖҮК ЖӨНЕЛТІЛГЕН.

ҚТЖ-ДА 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІН

11

МЫҢ КМ

ЖОЛ ЖӨНДЕЛДІ.

БИЫЛ

194

ЖАҢА ЛОКОМОТИВ САТЫП

АЛЫНАДЫ.

## АРНАЙЫ ТРЕНИНГ ӨТТІ

Ұлан ОРАЗ,  
Астана

«Нұрлы жол» вокзал кешені қызметкерлері мүгедектігі бар адамдармен өзара іс-әрекет дағдыларын арттырды.



Осы мақсатта олардың арасында «ДОС» Тәуелсіз өмір» орталығы арнайы тренинг өткізді. Оған қатысушылар мобильділігі, яғни қозғалысы төмен адамдармен жайлы коммуникация жасау бойынша білімі мен біліктіліктерін шыңдады. Сонымен қатар олар мүгедектерге арналған арба-отырғыштарды қалай қолдану керек, тірек-қимыл аппараттары дұрыс жұмыс істемейтін адамдарды отырғызып, түсірудің халықаралық стандарттарға сай тәртібімен танысты.

ҚТЖ-да ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін кедергісіз орта қалыптастыру үшін вокзал инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Брайль қарпімен жасалған ақпараттық тактильді тақтайшалар, мнемосұлбалар орнатылады. Ақпараттық бюро құлағы нашар естігіндер үшін индукциялық панельдермен жарақтандырылған. 100-ден астам теміржол вокзалдары вокзал кезекшісін шақырту батырмаларымен жабдықталған. Сонымен бірге билет кассалары мен санитарлық тораптарды да қайта жабдықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Суретті түсірген автор

## ТАЛАП – КЕДЕРГІСІЗ ЖҰМЫС

Ардақ ЕРУБАЕВА,  
Ақтөбе



Ақтөбе қаласының іргесіндегі Жіңішке станциясы аймақтағы алпауыт компаниялар – Ақтөбе ферроқорытпа және Ақтөбе хром қоспалары зауыттарымен тікелей байланыста жұмыс істейді.

Өнімдерін Франция, Германия, Қытай, Ресей, АҚШ және Оңтүстік Корея елдеріне жөнелтеді. Жүк тиелген құрамдар сабылып жатқан станцияда қауіпсіздікті қамтамасыз ету оңай емес. Себебі станцияның екі жағында орналасқан елді мекен тұрғындары қауіпсіздік мәселесін жиі естен шығаратын жайлар аз кездеспейді.

«Ел экономикасының тікелей дамуына әсер ететін тасымалдау қызметі үшін қауіпсіздік мәселесі маңызды. Бұл жерден жүк вагондары үздіксіз өтіп жатыр, кедергі болмау керек. Қауіпсіздік – кедергісіз жұмыс кепілі.

Жылжымалы құрамды шұғыл тоқтату көптеген шығындар әкеледі. Сондықтан Жіңішке, Қызғалдақ станциясында өтіп жатқан рейд – кедергісіз жұмысты күшейтуге бағытталған шара», – деді Жіңішке станциясы басшысының орынбасары А.Жұмабаев.

Айтуынша, шет мемлекеттермен жұмыс істейтін станцияда 60-тан аса кірме жол бар, жұмыстың бәрі халықаралық талапқа сай жүргізіледі.

Станция басшысының орынбасары, инженер мен аға инспектордың желілік полиция қызметкерлерімен бірлескен рейттік іс-шаралар Махамбет тұрғын үй алабында өтті. Темір жолға жақын аймақ тұрғындарына қауіпсіздікті сақтау, ластануға жол бермеу керектігі ескертіліп, стратегиялық аймақта тәртіп бұзбау жөнінде жаднамалар таратылды. Жол бойына қойылған ескерту белгілері де тексеріліп, профилактикалық әңгімелер өткізілді. Желілік полиция қызметкерлері үш адамға белгіленбеген жерден өтуге қатысты ескерту берді.

Суретті түсірген автор

## ЕҢБЕК ҚОРҒАУДА ЕЛЕУЛІ ІЛГЕРІЛЕУ БАР



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,  
Жамбыл

– Сұлтан Адамбайұлы, жол бойындағы шалғай станцияларға модульдік үйлер, жол станцияларына жылыту пункттері көптеп орнатылып жатқанын көрдік. Теміржолшылардың еңбегін қорғаудың бұл да бір тиімді тәсілі секілді.

Тіміді қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қиын да жауапты міндет. Ал оны іске асыратын теміржолшылардың жағдайын жасау – ұлттық компания үшін жауапты міндет. Және жыл сайын жол бойындағы жұмысшылардың еңбек жағдайы жақсарып келе жатқанын айтуға тиіспіз. Соның

ішінде біздің Жамбыл өңірі бойынша еңбек қорғауда елеулі ілгерілеу бар. Біз биыл Сарышаған белгі беру және байланыс дистанциясына тағы 6 модульдік үй алып береміз. Бәрі шалғай станцияларға орнатылады. Бүгінге дейін алтауын алғанбыз. Ал жол дистанцияларына 70 жылыту пунктін қойдық. Бұл жерде пункт пен модульдік үйді шатастырмау керек. Телім бойында жүрген жолшылар жұмыс кезінде қыста жылынып, жазда ыстықтан саялап, тамағын ішіп, бір сәтке демалуы үшін жасалған пункттердің көлемі шағын болады. Модульдік үй – тәулік бойы кезекшілік атқаратын станцияларға, басқа жақтан қатынап жұмыс істейтін жұмысшылар қона жатуға



арналған кәдімгі үй, жатақхана іспетті. Сонымен қатар қаңтардан бастап Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты жол, электрмен жабдықтау, белгі беру және байланыс дистанциялары мен станцияларға жол талғамайтын, арнайы бригадалар үшін

жасақталған 30-ға жуық жаңа автокөліктер берілуде. Осының бәрі қарапайым теміржолшылардың еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған шаралар.

– Қауіпсіз қозғалыс үшін ең бастысы жол сапасы ғой. Аймақта магистральдық желінің

## Форум

### КӘСІПОДАҚТЫҢ ІРГЕТАСЫ – БАСТАУЫШ ҰЙЫМ

Елорда төрінде «Кәсіподақ жетекшілері» атты үш күндік оқу форумы өтті. Оған Қазақстанның барлық өңірлерінен 100 астам кәсіподақ жетекшілері қатысты. Ауқымды іс-шараны «Қазкөліккәсіп» ҚБ мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ адам ресурстарын басқару департаменті бірлесіп ұйымдастырды.

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Үш күндік форумда кәсіподақ қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағытында тақырыптық шеберлік сабақтары мен панельдік сессиялар, дәрістер, тренингтер, пікір алмасу жиындары өткізілді. Жалпы, бұл жолы форумда бас қосқандар – кәсіподақтың іргетасын құрайтын бастауыш ұйым төрағалары. Олардың көпшілігі «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мен Магистральдық желі дирекциясының құрылымдық бөлімшелерінде бастауыш ұйымдар жұмысын жүргізетін, негізгі қызметінен босатылмаған төрағалар болып табылады.

Теміржол көлігі персоналды бағалау және дамыту орталығы іс-шараны өткізу алаңы болды. Кәсіподақ көшбасшылары тиімді коммуникацияларды, жанжалдар мен тиімділікті басқаруды, стресс төзімділікті үйренді, еліміздің еңбек заңнамасындағы, әлеуметтік кодекстегі өзгерістерді, сондай-ақ жаңа Ұжымдық шарттың нормаларын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын, т.б. талқылады.

Форумның үшінші күнінде биыл қабылданған жаңа Ұжымдық шарттағы өзгерістер талқыланды. Сонымен қатар «Әлеуметтік тұрақтылықты сақтаудағы кәсіподақ бірлестіктерінің ролі» тақырыбында панельдік сессия өтті. Адам ресурстарын басқару



департаментінің директоры Сәуле Истлеева қатысушылардың көшбасшылық қабілеттерін арттыру, бизнес-компетенциясын дамыту бағытында тренинг өткізді. 100-ден астам қатысушыны 4 топқа бөлген ол ҚТЖ-ның 3 жетістігі мен 3 мәселесі деген тақырыпта топтық тапсырма беріп, олардың осы бағытта ойлары мен ұсыныстарын айтуын сұрады.

– Біз жұмысымызға тікелей қатысы бар көптеген пайдалы ақпарат алдық. Кәсіподақ жетекшілерінің негізгі міндеті – жұмысшылардың құқықтарын қорғау, жұмысшылар мен кәсіпорын басшылығы арасында байланыс орнату болғандықтан біз ұжымдағы ахуалға компаниямен бірдей жауаптымыз, – деп ой бөлісті Құсмұрын электрмен жабдықтау дистанциясы бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Руслан Шарипов.

Ол ұйымдастырушыларға форум

жұмысының стандартты емес форматы, тығыз бағдарламасы, білім бағажын толықтыру, басқа өңірлерден келген әріптестермен танысу, түрлі мәселелер бойынша пікір алмасу, байланыстарды нығайту мүмкіндігі үшін алғыс білдірді.

Форумның жабылу салтанатына Қазақстан Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дуәлеталин, «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев, «ҚТЖ» ҰК» АҚ аппарат басшысы Серік Кеулімжаев, «ҚТЖ» ҰК» АҚ құқықтық қамтамасыз ету департаменті директорының орынбасары Лияс Ернараров қатысып, кәсіподақтың әрбір кәсіпорын өміріндегі рөл мен маңызы туралы ойларын ортаға салды.

– ҚТЖ – Қазақстандағы ең ірі жұмыс берушілердің бірі. Оның 120 жылдық тарихы бар. Алғаш рет теміржол кәсіподағы осыдан

119 жыл бұрын бұрынғы Перовск, қазіргі Қызылорда станциясында құрылған, яғни сала кәсіподағына да келесі жылы 120 жыл толады. Қазіргі таңда кәсіподаққа 100 мыңнан астам теміржол қызметкері мүше. Компанияның барлық құрылым бөлімшелерінің өңірлердегі филиалдарында бастауыш кәсіподақ ұйымдары жұмыс істейді, – деді өз сөзінде О. Ахметбаев.

Іс-шара соңында барлық қатысушыларға «Еңбек заңнамасындағы өзгерістер. Жаңа әлеуметтік кодекс», «Мінез-құлық кодексі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл», «Қиікшілдікті басқару. Келіссөздер жүргізу шеберлігі», «Күйзеліске төзімділік», «Тиімді коммуникациялар», «Тиімділік – басқару» тақырыптарында тренингтерге қатысқандар үшін арнайы Сертификат тапсырылды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ҮШ БАҒЫТҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Сексеуіл

Өткен жылы маневрлік және станциялық жұмыстарда пойыздардың қозғалысы қауіпсіздігі бұзылуына жол бермей, өндірістік жұмыстардың көрсеткішін 112-134 пайыз аралығында асыра орындаған кәсіпауылдіктер билғы жылдың жемесін де осы қалыпта ұстауға бекініп отыр. Барлық жұмыс қауіпті аймақта іске асырылатындықтан қауіпсіздік шараларына басымдық беріп еңбек қорғау, техникалық қауіпсіздік талаптары назарға алынууда.

– Сексеуіл тораптық станция болғандықтан мұндағы жұмыстар Сексеуіл-Қоскөл-Жезқазған, Сексеуіл-Арыс және Сексеуіл-Қандыағаш бағыттарындағы үш

Қызылорда қосалқы бөліміне қарасты Сексеуіл станциясы – аймақтың солтүстігіндегі тораптық станция. Станцияда вагондарды сұрыптау жұмыстары Сексеуіл-Қоскөл-Жезқазған, Сексеуіл-Арыс және Сексеуіл-Қандыағаш бағыттары бойынша жүргізіледі.



бағытта жүргізіледі. Станцияға келген-кеткен құрамдарды сауатты қабылдап-жөнелтіп отырған сауатты станция кезекшісінің ролі жоғары. Бұл тұрғыда біздің станция кезекшісі

Биғали Берден мен кезекші жанындағы оператор Бағия Рысмамбетова өз істерінің шебері екенін айтар едім. Маневр диспетчері Ертай Кемалдинов пен пойыз құрастырушылар шеберлігі де кәсіби деңгейді көрсетеді.

Жалпы, бізде кездейсоқ адам жоқ, бәрі өз орнында отырған тәжірибелі теміржолшылар. Сондықтан жұмыс та ұқыпты, ретті атқарылып, сауатты жүреді, – деді станция бастығы Абдулхамид Тұрмантаев әріптестеріне деген сенімі мен құрметін жасырмай.

Төрт ауысыммен жұмыс істейтін сексеуілдіктер жүк вагондарынан көмір, тұрмыстық және құрылыс заттарын көп түсіреді, ал станциядан тиелетін жүк жанар-жағармай мен тұрмыстық қажеттіліктер екен.

Суретті түсірген автор

### жай-күйі қалай?

– Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты теміржол учаскелерінде жол сапасы жаман емес, балдық көрсеткішіміз де жақсы. Былтыр Ақадыр машиналандырылған жол дистанциясының күшімен жоспардағы 12,853 шақырым жолды күрделі жөндеуден өткізді. СКЛ-30 бекітпесі бар теміржол шпалдары төселді. Қаратау-Жаңатас учаскесінде қарқынды-орташа жөндеу жүргізілді.

Ауыр типті машиналар кешенінің көмегімен бірқатар жұмыстар атқарылды. Мысалы ДУАМАТ кешенімен жол табанын сауықтыру жоспары 87 пайызға орындалды. РМ-80 машинасымен межеленген 72 шақырымның 67 пайызын, «ПРБ»-машинасымен – 40, «Уни-мат» машинасымен – 173, «ПРСМ» – 126, «Desec» бағыттамалық бұрмасын төсеу жоспары – 113, «ВПСР» машинасымен 73 пайыз жұмыс атқарылды. «Жейсмар» техникасымен 8894 шпал ауыстырылып, «ЮКТ» машинасымен 27 765 шұңқыр қазылды. Сондай-ақ 69 жиынтық бағыттамалық бұрма жаңартылды.

– Пойыздардың мал басу оқиғалары – барлық жол станциялары үшін үлкен проблемаға айналып отыр. Мұндай келендіктердің алдын алу үшін қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Рас, мал басу оқиғалары азаймай тұр. Бұдан келер шығын екіжақты. Мал иелері де, ҚТЖ компаниясы да залал көреді. Былтыр бір 130 шақырым теміржол бойына мал өтпейтін қоршауларын орнатуды жоспарлағанбыз. Оның ішінде 30 шақырымнан: ПЧ-47 Шоқпар, ПЧ-48 Сарышаған, ПЧ-50 Шу, 20 шақырымнан: ПЧ-51 Жамбыл, ПЧ-52 Түлкібас жол дистанцияларында қоршаулар орнатылды. Жалпы ұзындығы 120 шақырымды құрады.

Сонымен қатар 130 шақырым теміржол бойына шұңқырлар қазып, темір сымдар тартылған бағаналар орнату жұмыстары жүргізілді. Ал 82 шақырымда бұрынғы мал қоршаулары жөнделді. Сонымен қатар Желілік полиция бөлімдерімен бірлесіп тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары мен рейдтер тұрақты ұйымдастырылады.

Суретті түсірген автор

## ПО БУКВЕ ЗАКОНА



АКТУАЛЬНО

**В ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» состоялось второе установочное заседание Координационного совета по вопросам судебной и исковой работы. В нем участвовали представители юридических служб компаний из разных регионов страны.**

**Айлин БАУРЖАН,**  
Астана

В ходе открытия заседания председатель Координационного совета – исполнительный директор по правовым вопросам ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Уалихан Уайсов напомнил участникам, что главная цель мероприятия – обмен опытом юристов «центра» и отделений дорог по судебной практике, ведение дискуссий, вовлечение в решение профессиональных задач.

Первое заседание Координационного совета состоялось в 2023 году. По его итогам было принято решение по тиражированию успешных судебных практик, которые позволяют решить производственные или социально-экономические вопросы на уровне отделения. Данную работу необходимо продолжать, ведь реалии современного мира требуют постоянного поиска основанных на действующем законодательстве механизмов, позволяющих не только сократить

убытки компании, но и предотвратить их возникновение, – отметил Уалихан Уайсов.

В ходе заседания с докладом на тему «Обзор судебных практик по процедуре банкротства должника как основание для прекращения исполнительного производства» выступил ведущий юрист юридического отдела филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Нуржан Сериков. В ходе выступления он представил анализ текущего состояния дел и предложил, чтобы компании, относящиеся к квазигосударственному сектору, не осуществляли выплаты вознаграждения временному и банкротному управляющему. Также одним из исполнений стало предложение о заключении соответствующего меморандума с ДГД, чтобы централизовать данную работу и выработать единую практику.

Исполнительное производство для нас имеет важное значение. Потому что наши коллеги проводят большую работу в указанном направлении. Так, процент

выигрышных дел в текущем году составил 82%, – подчеркнул Уалихан Уайсов. – Кроме того, есть серьезное продвижение по части увеличения сумм, которые были взысканы «живыми» деньгами, то есть сумма дебиторской задолженности не была просто списана. Так, в 2023 году порядка 477 миллионов тенге было взыскано в пользу ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки». В 2022 году эта сумма была почти в четыре раза меньше.

С обзором судебной практики по признанию поставщика недобросовестным участником закупок выступила ведущий юрист юридического отдела филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Жамбылское отделение ГП» Динара Акчалова. По ее словам, необходимо наладить тесное взаимодействие с закупочным отделом, своевременное информирование и использование современных информационных систем. Докладчик также предложила изучить лучшие практики по привлечению к ответственности за несоблюдение процедур закупок в рамках закона о закупках субъектов квазигосударственного сектора.

В рамках заседания участники заслушали доклады на тему «Источник повышенной опасности, обязательства и ответственность в случае причинения вреда» и «Теория и практика внедрения антимонопольного комплаенса».

По итогам заседания Уалихан Уайсов напомнил, что в текущем году пройдет форум юристов по группе компаний АО «НК «КТЖ», который является уникальной площадкой для обсуждения актуальных юридических вопросов, повышения квалификации и уровня знаний работников компании.

## БЕЗ ФОРМАЛЬНЫХ ПОДХОДОВ



ИТОГИ

**Итоги работы по обеспечению сохранности перевозимых грузов в 2023 году подвели на селекторном совещании в Семейском отделении грузовых перевозок.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

За 12 месяцев прошлого года, по информации исполняющего обязанности директора Семейского отделения грузовых перевозок Алмаса Сейсемканова, убытки от несохранности перевозок на ответственность филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Семейское отделение ГП» не относились. За прошлый год было составлено 370 коммерческих актов, а это 27 меньше, чем в 2022 году. Поступило на расследование 335 актовых материалов, что меньше на 101 по сравнению с 2022 годом. В следственные органы направлено 9 коммерческих актов. На совещании уделено должное внимание каждому коммерческому акту, направленному в ЛОП, дополнительно отправив на линию телеграммы для ознакомления с этой информацией всех причастных работников.

К примеру, 7 марта прошлого года на РЗД № 1 охранный филиала ТОО «ВЖД» при обходе для визуального осмотра брошенного поезда № 1036 заметил посторонних людей возле прибывшего поезда № 3002. Они вытаскивали из вагона мешки с грузом. После того как охранник их окрикнул и предупредил о неправомерных действиях, те продолжили заниматься хищением. Охранник сделал предупредительный выстрел в воздух, после чего неизвестные разбежались. При прове-

дении оперативно-розыскных мероприятий сотрудники ЛОП задержали подозреваемых, которые признались в неправомерной выгрузке 57 мешков из вагона. Этот вагон с грузом «руды и концентраты прочие» был принят 5 марта к перевозке со станции Шалабай до станции Мылки в коммерческом



исправном состоянии.

По всем озвученным случаям хищений номенклатурных грузов выступили представители Семейского отделения магистральной сети. Они рассказали о мерах профилактики в коллективах, представители ТОО «ВЖД» рассказали о проделанной работе по усилению бдительности при охране грузов.

По словам Алмаса Сейсемканова, одной из приоритетных задач перевозчика является своевременная доставка грузов с безуслов-

ным обеспечением их сохранности. Поэтому всем начальникам станций, руководителям структурных подразделений необходимо принимать оперативные меры при возникновении внештатных ситуаций, которые касаются обеспечения сохранности перевозимых грузов, нарушения сроков их доставки. Также необходимо усилить разъяснительную работу в коллективах. При обнаружении посторонних лиц на станционных путях, вблизи вагонов, железнодорожного полотна, которые пытаются похитить грузы, немедленно сообщать об этом всем уполномоченным лицам – дежурным по станции, участковым ревизорам, ЛОП и ВЖД. На селекторном совещании приняли ряд рекомендаций. В их числе – исключение формального подхода



при расследовании случаев превышения сроков доставки грузов, предоставление ежеквартальных отчетов о проведенных мероприятиях, направленных на улучшение качества услуг по перевозкам грузов, снижение числа случаев их несохранности, а также повышение персональной ответственности каждого работника, принятие строгих мер в случае прямой или косвенной причастности к хищениям.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## ОТ ВОПРОСОВ К ИХ РЕШЕНИЮ



ПРОФСОЮЗ

**Совещание под председательством первого заместителя директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Шакарима Жуматаева прошло на станции Жанаулу. На мероприятии во главе угла стоял вопрос, направленный на социальную стабильность работников узла.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

Одним из важных поводов для проведения совещания стало обращение дежурного по парку станции Жанаулу Бахытбека Жапекоева в профсоюзный комитет. Его интересовал вопрос касательно выделения транспорта для доставки сотрудников узла до места работы. В настоящее время планируется проведение тендера по решению этой проблемы, а пока рассматривается вопрос по выделению начальником станции классного или так называемого штабного вагона, а также разработка графика его курсирования до станции Жанаулу и обратно.

В ходе совещания перед работниками выступила главный бухгалтер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Альбина Сванкулова. Она подробно остановилась на выделении путевок и оказании материальной помощи с целью санаторно-курортного оздоровления железнодорожников. Как стало известно, категории лиц, занятых на тяжелой работе, связанной вредными или опасными услови-

ями труда, положены доплаты. Разъяснение по новому Коллективному договору на 2024-2026 годы последовало от председателя профсоюзного комитета первичной организации профсоюза филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Галы Ермекаева. В сравнительной форме им были озвучены правовые акты, регулирующие социально-трудовые отношения в организации на 2021-2023 и 2024-2026 годы.

– На сегодняшний день заметно увеличилась выдача материальной помощи на рождение ребенка с 30 до 40 МРП, а работникам станций 4-го и 5-го классов и разъездов – с 40 до 50 МРП, кроме того, стала больше матпомощь на погребение работника – со 100 до 150 МРП. Для железнодорожников, решивших связать себя узами брака, предусмотрена выплата 30 МРП, ранее она составляла 15 МРП. На 5 МРП увеличилось финансирование на протезирование зубов, сейчас оно составляет 20 МРП, – подчеркнул он. – Значительно увеличилась выплата для работников, воспитывающих детей с ограниченными физическими возможностями

до 18 лет, с 10 до 20 МРП. И таких пунктов в сторону увеличения денежных пособий в Коллективном договоре оказалось немало.

В заключительной части мероприятия работники получили возможность задать спикером вопросы. В частности, были затронуты темы по оптимизации штата составителей поездов, острой нехватки либо отсутствия бумаги, предназначенной для распечатывания коммерческой документации, накопительных карточек, а также выхода из строя лазерных принтеров и долгого их пребывания в ремонте. В то же время сделан акцент на внедрении безбумажной технологии, что предусматривает экономии и минимизацию ручного труда при наличии платежной системы АСУ ДКР.

В заключительной части совещания было дано распоряжение по предоставлению ответов на вопросы сотрудников станции Жанаулу в письменной форме в течение трех дней.

– Подобные мероприятия необходимо проводить регулярно для обеспечения социальной стабильности на узле, – резюмировал Галы Ермекаев.

## К БЕСШОВНОЙ ЛОГИСТИКЕ

**Роман ЛЮБИМОВ,**  
Астана



ПЕРЕВОЗКИ

**К 2026 году совместное предприятие железных дорог Казахстана, России и Беларуси АО «ОТЛК ЕРА» планирует переход на безбумажную технологию перевозки грузов.**

Перевести оформление транзитных международных железнодорожных перевозок грузов в электронный формат хотят как внутри пространства колеи 1520 мм (по территории Казахстана, России и Беларуси), так и с сопредельными странами пространства колеи 1435 мм, включая транзитное сообщение Китай – Европа – Китай.

Соответствующий меморандум сторонами уже подписан. Они выразили готовность до 1 января 2026 года обеспечить переход на юридически значимый электронный документооборот и отказаться от использования бумажной накладной ЦИМ/СМГС.

Комплексная безбумажная технология перевозки грузов и бесконтактная обработка поездов обеспечит дополнительные конкурентные преимущества евразийским транзитным железнодорожным маршрутам и послужит импульсом для дальнейшего внедрения современных цифровых технологий в рамках всей транспортно-логистической системы ЕАЭС, считают в АО «ОТЛК ЕРА».

Компании – акционеры ОТЛК ЕРА оказывают всестороннюю поддержку повышению эффективности железнодорожных грузоперевозок на евразийском пространстве: удлинняют и объединяют поезда, согласуют расписания контейнерных поездов, минимизируют порожние рейсы и непроизводительные простои.

## ДЕФЕКТАМ НЕ УДАСТЯ СКРЫТЬСЯ

**Ольга СТЕБЛЯНКО,**  
Усть-Каменогорск



БЕЗОПАСНОСТЬ

**Четырехмесячник «Контроль боковой рамы» проходит в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо (ВЧД-24).**

За этот период осмотрщик вагонов Асылжан Ардабаев выявил два факта повреждений боковой рамы, и осмотрщик Айдын Мусин – один факт. Оба работают ПТО станции Оскемен-1. Все три случая нашли свое подтверждение в ходе расследования.

Ежегодно в зимнее время в эксплуатационных вагонных депо страны проходят в течение нескольких месяцев мероприятия, направленные на усиление контроля за боковыми рамами. Это важно, потому что в них даже из-за незначительных дефектов в дальнейшем могут произойти изломы, в свою очередь приводящие к аварийным ситуациям.

По информации инструктора по автотормозам и буксовому узлу Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Нурлана Наурызбаева, 1 января Асылжан Ардабаев при техническом обслуживании грузового поезда на станции Оскемен-1 выявил раковину в одной из боковых рам, в зоне радиуса R55, а в другой боковой раме – сквозной литейный дефект.

В начале февраля при техническом обслуживании поезда № 2333 по станции Оскемен-1 осмотрщик вагонов Айдын Мусин в одном из порожних вагонов в боковой раме, в зоне радиуса R55 буксового проема, выявил раковину глубиной 10 миллиметров. Вагон отцепили на ТОР для дальнейшего расследования. На днях при проведении проверки феррозондовым методом на Усть-Каменогорском вагоноремонтном депо дефект подтвердился.

Четырехмесячник в ВЧД-24 проводится по телеграфному указанию директора департамента безопасности движения ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Марата Шакинова.

## МАРШРУТ ВЫСОКОЙ ЗНАЧИМОСТИ

**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**  
Кокшетау



СОВЕЩАНИЕ

**Вопрос развития транспортного коридора обсудили на заседании Координационного транспортного совещания.**

В рамках 43-го заседания Координационного транспортного совещания государств – участников СНГ была проведена встреча между министерствами транспорта Казахстана, России, Узбекистана и Беларуси.

Участники мероприятия на обсуждение вынесли вопрос формирования и развития международного транспортного коридора Беларусь – Россия – Казахстан – Узбекистан – Афганистан – Пакистан. Кроме того, обсуждены дальнейшие действия по развитию данного коридора. В ходе встречи стороны договорились провести первое заседание рабочей группы в середине марта этого года.

Напомним, что на полях Транспортного форума стран – членов ШОС, который состоялся в прошлом году, Представители министерств Казахстана, России и Узбекистана подписали меморандум о коридоре Беларусь – Россия – Казахстан – Узбекистан – Афганистан – Пакистан.

Участники мероприятия пришли к мнению, что в целом с учетом запуска реализации проекта «Дарбаза – Мактарал» инфраструктура казахстанского участка позволяет обеспечить перевозку грузов по данному коридору.

№17 (2947) 20/02/2024

## ВЕКОВОЙ ЮБИЛЕЙ ПЕХОТИНЦА ШОЛУБАЯ

С каждым годом все меньше остается в строю ветеранов Великой Отечественной войны. В Уральске их всего 13, в числе которых Борис Шолубай, отметивший вековой юбилей. В городе его знают как первоцеleitника, железнодорожника, мастера спорта по футболу. В этот день его тепло поздравили работники Уральской дистанции сигнализации и связи и не только.



В биографии Бориса Сергеевича много событий: по окончании военно-пехотного училища в Башкирии Борис Шолубай с мая 1943 года был на передовой.

Воевал на 2-м Украинском фронте, в легендарной 50-й стрелковой дивизии 8-й гвардейской армии под командованием генерала Чуйкова. Освобождая Запорожье, получил первое ранение в ногу. Родным сообщить, что жив, смог не сразу. В составе запасного стрелкового полка 239-й армии 4-го Украинского фронта прошел всю Западную Украину.

В феврале 1945-го он вернулся домой инвалидом II группы в звании старшего лейтенанта с орденом Отечественной войны II степени за боевые заслуги. Отметил 21-й день рождения и взялся за восстановление разрушенного хозяйства родного края. Отслужил восемь лет в частях МВД в Коми АССР, где активно играл в футбол, выступая в команде мастеров. В 1955-м отправился в Казахстан на освоение Целины. К тому времени у него было двое сыновей. В Бурулском районе Уральской области в 1961 году родилась дочка Виктория, ставшая для отца ангелом-хранителем. И здесь Борис Сер-

геевич создал крепкую футбольную команду. На железную дорогу он пришел в 1975-м электромонтером СЦБ на разъезд Санкыбай, где проработал до самого выхода на пенсию. Это был тяжелый участок по ландшафту и логистике. Неоднократно поощрялся Борис Сергеевич за отличный труд, предотвратил крушение пассажирского поезда «Алма-Ата – Москва». Однажды чуть не погиб от рук сбежавшего преступника. В Казахстане Шолубай прожил 30 лет, выросшая с супругой троих прекрасных детей, и считает эти годы лучшими в своей жизни. У него 5 внуков и 4 правнука.

В 1984 году потянуло на родину, и они с супругой уехали на Украину. Но заговорили старые раны, он остался без ступни, а вскоре овдовел. В 2014 году дети убедили вернуться в Уральск.

В этот знаменательный день поздравления от железнодорожников и подарок – двухкамерный холодильник, приобретенный на средства филиала ОО «Казпрофтранс» – «Батыс», передала делегация во главе с директором Уральской дистанции сигнализации и связи Магды Тугультаевым и председателем совета

ветеранов Акназаром Карибаевым.

С вековым юбилеем поздравили Бориса Шолубая главврач горполиклиники №1 Шынгис Сарсенгалев, за ветеранами особый надзор. Замакима города Арсен Губашев вручил от горакимата Алгис хат и смарт-телевизор. Также навестили ветерана капитан Мирас Заурбеков из облвоенкомата, горвоенком подполковник Бауыржан Есеев и начальник железнодорожного вокзала Кайырбулат Гайнеден, представлявший общественное объединение «Ветераны Группы Советских войск в Германии и Группы войск Варшавского договора».

Вице-консул РФ Хаджимурат Атамурзаев передал приветственный адрес от исполняющего обязанности генерального консула РФ в Уральске Александра Игнатенко. А председатель правления ОО «Союз Яицких Уральских Казаков» Вячеслав Солодилов с заместителями Вячеславом Скворцовым и Александром Котельниковым, машинистом Уральского эксплуатационного локомотивного депо, передали поздравления от Ассамблеи народа Казахстана по ЗКО и председателя «Ассоциации русских, славянских и казахских организаций Казахстана» генерал-лейтенанта Владимира Божко.

Гостей Борис Сергеевич встречал радушно. Ведь он долгие годы был активным общественником, контактировал со всеми названными организациями и объединениями, принимая участие в воспитании подрастающего поколения во встречах со школьниками, студентами и военнослужащими. Жаль, ковид подкосил здоровье, но ветеран не сдастся и ставит себе новые задачи – дожить до 110.

Анна ПАНИЩЕВА, Уральск  
Фото автора

## АУҒАН АЛАУЫ ЖАДЫМЫЗДА...

Маңғыстау локомотив депосында Ауған соғысына қатысқан, кешегі танкист, бүгінгі машинист жұмыс істейді. 15 ақпан – КСРО әскері Ауғанстан жерінен шығарылған қуанышты күн. 35 жыл өтсе де кейіпкеріміз жат жерде өткен соғыс өртің, ауған алауын жадынан шығарған емес.



Айтулы датаға орай Маңғыстау локомотив депосының кәсіподақ ұйымы интернационал жауынгер 2-ші класты тепловоз машинисі Асылбек Наурызбаевты құттықтап, еңбектегі жетістігі мен жастарды патриоттық тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін Алғыс хатпен марапаттады.

Депо ұжымына Асекеңнің жүріп өткен жолы жақсы таныс. Жыл сайын басқосуда соғыста танкист болған әріптестерін қолқалап әңгімесін талай тыңдаған. Кейінгі өскен жастарға ертегі секілді көрінетін соғыс даласындағы ұрыс қимылдарын еске алу ардагерге қаншалықты ауыр болса да, көпшіліктің меселін қайтармай айтып береді. Сөзінің соңын жастарға қарата: «Ондай соғыс енді болмасын, сендер бейбіт заманда өз отандарыңды қорғаңдар» деп аяқтайды.

– 1979 жылдың 27 желтоқсанында КСРО әскерінің шектеулі контингенті Ауғанстан елі шекара-

сынан өтіп, онда 1989 жылдың 15 ақпанына дейін болғаны барімізге белгілі. Бірақ ол жақта не болды, қалай соғыс керді, оны сол қанды оқиғаның ортасында жүргендер ғана біледі. Он жыл ішінде жат жерде қыршыннан қиылған боздақтар қаншама. Олардың рухына тағзым етіп, арамдыда жүрген батырымызды бағалау – біздің борышымыз. Бәріміздің әріптесіміз, Маңғыстау депосының мандай-алды машинистерінің бірі Асылбек Қобланұлы Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл толуымен құттықтаймыз. Ардагердің бүгінгі ұрпақты патриоттық тәрбиелеуіне ісіне белсене араласып, теміржол саласындағы адал еңбегі үшін алғыс білдіреміз. Енді тарих бетінде ондай қаралы күндер болмасын. Ұрпағымыз бейбітшілікте, тыныштықта өмір сүрсін, – деді депоның кәсіподақ ұйымының төрағасы Әбілсейт Набиханов.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау  
Суретті түсірген автор

## ҚАРТ МАЙДАНГЕР-ТЕМІРЖОЛШЫ - 100 ЖАСТА

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы ұсынған дерекке сүйенсек, бүгінгі таңда облыс аумағында Ұлы Отан соғысына қатысқан 12 майдангер болса, 4 092 тұл ардагері бар екен. Бүгін жүз жасқа толып отырған Қалмен Мұратұлы – сол санаулы көзі тірі соғыс ардагерлерінің бірі.



Ордабасы ауданына қарасты Бадам ауылында тұратын қарияның арнайы құттықтап бардық. Өмірінің 35 жылына Арыс пен Бадам аралығындағы темір жол бойында өткізген, газсырмен құрдас ақсақал ширақ екен, өзі алдымыздан шығып амандық сұрасты. Өзі еркін жүріп-тұрғанымен қоймай, суретке түсердік алдында үлкен келіні Қызылбекке «Әй келін, кәстемінің қыртысын жазып, түймесін қадап бер» деп бұйрық беріп жатты...

Бүгінде Қалмен ата – мәуелі бәйтерекке айналған тау тұлға. Өзінен тараған 6 ұл, 2 қызынан бүгінде 35 немере, 72 шөбере сүйіп отыр екен. Темір жолда еңбек етіп, зейнетке шыққан үлкен ұлы

Жақыпқа дейін Қалмен атамыз бен Ұмыс анамздың 8 перзенті шегінеп кеткен екен. Ақсақалдың айтуынша, Арыс төңірегіндегі айтулы әулие Ақын Жақыптың кесенесіне түнеп, Құдайдан тілеп жүріп, кейінгі 8 перзентін құшағына басқан. Өкінішіке орай 16 құрсақ көтерген Ұмыс анамз 1995 жылы жол апатынан қайтыс болыпты.

Үлкен отбасын асырап, ұл-қызын жетілдіру үшін Қалмен атамыз аянып қалмапты. Алдымен Арыс вагон депосында, кейіннен Бөген станциясындағы мекемелерде 1984 жылға дейін тер төгеді. Қызығы сол, бүгін зейнетке шыққанына да тұл-тура 40 жыл толып отыр екен.

1942 жылы Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кезде 8-класты

бітірген бозбала Қалмен әскер қатарына шақырылады. Әуелі Семейдегі Аягөз қаласында командирлік курста 6 ай оқып, сержанттық шен алады. Сол жылдың желтоқсан айынан бастап 1943 жылдың қазан айына дейін Аягөз маңындағы Сергиополь қалашығында жауынгерлерді соғысқа даярлау, оқу-жаттығу курсынан өткізумен айналысады. Ал қараша айында бірінші Беларусь майданында соғысқа қатысады. Кейіннен Витебск қаласының маңында болған кескілескен шайқаста жараланып, госпитальға түседі.

«Біз Беларусь фронтына келгенде Ржев сияқты қалаларды немістер

басып алған екен. Жаяу әскер болсақ та жауды шегіндірілді. Мен майданда минометпен жүретімін. 1944 жылдың ақпан айында соғыс алаңында екі жерден жараландым. Бір оқ білезік буыныма тиіп, ал екінші оқ сұқ саусағымды жұлып кетті. Дзержинский қаласындағы эвакуациялық госпитальде 2 айға жуық жатып, дәрігерлердің №336 шешімімен «II топтағы мүгедек» атанып елге қайттық. Қырық жыл теміржолда тер төгіп еңбек еттік, бала-шаға өсірдік. Құдайдың осы күнді көрсеткеніне мың да бір шүкіршілік етеміз», – дейді жүз жасты еңсерген қарт майдангер.

Бөген ауылында тұрып жатқан қарияның кенже ұлы Батыр Қалменұлының өзі 56 жасқа аяқ басқан. Әскерилерді теміржол күзетінде қызмет ететін ол жұбайы Манзура екеуі бес баласы мен қарт әкелерінің күтімін жасап келеді. 8-сыныпта оқитын немересі Көркем газет-журнал, қызықты кітап оқып береді екен. «Ел аман, халық тыныш болсын! Жүз жасаған жақсы, ал адал өмір сүріп, абыройлы болған бөрінен де жақсы, шырақтарым!» деп қоштасты бізбен абыз ақсақал. Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, Шымкент



## ДЕНЬ ПАМЯТИ И СКОРБИ

На станции Караганда-Сортировочная состоялось ежегодное мероприятие, посвященное Дню вывода войск из Афганистана.

На митинге, проходившем возле обелиска в честь погибших солдат, выступил председатель Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» Яхия Альмусин. С его слов 15 февраля считается памятным днем для всех. С одной стороны, это праздник, а с другой – день памяти и скорби обо всех погибших воинах-интернационалистах.

Как отметил председатель профкома ТЧЭ-14 Ерлан Муканов, в этот году были приглашены ветераны-афганцы с Майкудука и Пришахтинска – района Алихана Букейханова. К мероприятию присоединились и студенты железнодорожного колледжа, а также военные. Последние торжественно возложили цветы к памятнику

воинов-интернационалистов. Весь процесс проходил с участием духового оркестра Дворца культуры железнодорожников.

В митинге приняли участие 12 действующих работников Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо и пенсионеры, а также воины-афганцы других структурных подразделений, всего порядка 20-25 человек.

После торжественной части во Дворце культуры железнодорожников состоялось концерт, в котором приняли участие местные артисты, а также артисты Дворца Нового Майкудука. Мероприятие состоялось при поддержке профсоюзного комитета ТЧЭ-14 Караганда.

Светлана МОГАЙ, Караганда  
Фото автора

## ВСЕ БЕГУТ, И Я БЕГУ



Монтер пути станции Шидерты Екибастузской дистанции пути Данияр Шулькебаев занял второе место на ультрамарафоне в Караганде. В прошлые выходные он завоевал еще одно призовое место по прыжкам в длину.

В ультрамарафоне, организованном ОО «Беговой клуб «Самопревосхождение», приняли участие бегуны-любители из всех регионов страны. Всего 50 человек. Данияр Шулькебаев пробежал 109 километров и 400 метров, занял второе место. Бегом он занимается в течение пяти лет. Все свое свободное время он посвящает спорту.

– Еще в школе мне нравилось бегать, потом пошел в армию, там прошел мощную физическую подготовку, поэтому, наверное, еще вынослив, – с улыбкой рассказывает железнодорожник. – Ультрамарафон сложнее, конечно, но все преодолимо, если заниматься спортом. В прошлые выходные в Астане тоже прошел чемпионат Казахстана по бегу среди любителей, к сожалению,



место не занял, но взял второе по прыжкам в длину.

Сегодня Данияр Шулькебаев готовится к целому ряду соревнований. Говорит, этот год в спортивном плане выдастся очень насыщенным.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар  
Фото автора

## ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Ақтөбе станциясында «Қауіпсіз жол» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Осыған орай желілік полиция бөлімінің мамандары күшейтілген жұмыс кестесіне көшті.

«Темір жол – аса қауіпті аймақ. Сондықтан осы аудандағы жүріс-тұрыс қағидасы қатаң сақталуы керек. Аталған жедел профилактикалық іс-шара кезінде көлік объектілерімен адамдарды басып кету фактісін болдырмау мақсатында теміржолшылар мен еріктілерді қатыстыра отырып, теміржолға жақын орналасқан елді мекен тұрғындарымен қауіпсіздікті сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді», – деді Ақтөбе станциясындағы желілік полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы Айтұрған Елеусізов.

Тәртіп сақшылары темір жол



бойында заң бұзушылық әрекеті жүйеленіп айтады. Себебі азаматтардың басым бөлігі ереже сақтамайтын көрінеді.

Темір жол бойындағы рейдтік іс-шара барысында белгіленбеген жерден өткен 22 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Ардақ ЕРҰБАЕВА, Ақтөбе  
Суретті түсірген автор

## ПОЙЫЗДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Шымкент станциясындағы желілік полиция бөлімінің қадағалауындағы аумақта өткен «Көліктегі қауіпсіздік» акциясы аясында жолаушылар пойыздарында азаматтармен кездесулер өтті.

Жолаушы халыққа пойыздарда орын алатын қылмыс пен құқық бұзушылық түрлері жайында, жолда жүру кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша әңгімелескен желілік тәртіп сақшылары сапар барысында азаматтардың Конституциялық құқықтарының сақталуы, сыбайлас жемқорлық көріністеріне және заң бұзушылық фактілеріне жол бермеу бойынша мұқият болу керектігі, қолданыстағы заңнамалардың ережелері, темір жолдағы қауіпсіздік шаралары түсіндірілді. Теміржол вокзалдарында және жолаушылар пойыздарындағы көлік полицияларының

жұмысы туралы азаматтардың ой-пікірлері де тыңдалды.

– Бұл кездесу азаматтардың полицияға деген сенімін арттыру, халық арасында тәртіпсіздіктер мен ұсақ құқық бұзушылықтарға мүддем төзбеушілік қағидатын қалыптастыру және Көліктегі полиция қызметкерлерінің оң имиджін арттыру мақсатын көздейді, іс-шара әрі қарай да вокзалдар мен жолаушы пойыздарында жалғасын табатын болады, – дейді Шымкент станциясы желілік полиция бөлімінің кадр саясаты жөніндегі орынбасары, полиция подполковнигі Әуезхан Байнбетов.

Дарын МЕДЕТҰЛЫ, Шымкент

**ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ**  
Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Науеруэт Өмірзақова**

**ҚАЗКӨЛІККӘСІП**  
Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Науеруэт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**  
Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 11 340**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,

**Меншікті тілшілер:**  
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-772-843-27-97  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
**Жамбыл:** Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20  
**Шымкент:** Нұрлыбек Досыбай 87025480092  
**Қарағанды:** Светлана Могой 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.

**Кезекші редакторлар:**  
Р. Рахметов, Р. Рахметова